

Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі
жалпы онлайн жиналысының
№ 2 хаттамасы

өту орны: Нұр-Сұлтан қаласы

күні: 09.10.2020

уақыты: 12.00 – 13.00

қатысушылар: 60 адам

жиналыс сілтемесі:

Zoom

<https://nu-edu->

[kz.zoom.us/j/8479987118?pwd=RERMdTd2Ynh4aVhTa0hJNmU3a2dRUT09](https://nu-edu-kz.zoom.us/j/8479987118?pwd=RERMdTd2Ynh4aVhTa0hJNmU3a2dRUT09)

Конференция идентификаторы: 847 998 7118

Коды: 1979

жиналыс бейнетаспасының сілтемесі:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1c2teH6AeaP4NjK-lu9Vg0tbescivyXYM>

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің 2018 – 2019 жж. бойынша есебі.
2. 2018 – 2022 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу, бекіту.
3. Қазақ тілін шетелде оқыту мәселелері: Германия тәжірибесі.
4. Жоғары кеңес құрамы бойынша өзгерістер енгізу.
5. Бірлестік атауының ағылшын тіліндегі нұсқасына өзгеріс енгізу.
6. Ұйымдастыру комитетінің құрамына өзгерістер енгізу.
7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне дайындалатын құжаттар тізімімен таныстыру.
8. Әртүрлі мәселелер.

Модератор Э. Н. Оразалиева:

Құрметті әріптестер, Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің мүшелері! Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған халықаралық форум аясында өткізіліп жатқан Бірлестіктің есеп беру онлайн жиналысында жиналғандарыңызға көп рақмет. Жиналыстың күн тәртібін өздеріңізге алдын ала жібердік. Күн тәртібі бойынша ұсыныстарыңыз бар ма? Жоқ болса, онда жұмысымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Жиналыстың алдында Бірлестік Жоғары кеңесі құрамымен өздеріңізді таныстырып өтсек (*Тізім бойынша*).

Германиядан байланысқа шығып жатқан әріптесіміз Гүлсім Масақоваға сөз кезегін берсек, уақыт айырмашылығына байланысты кезектен тыс мүмкіндік беруімізді сұрап отыр. Сұрақтарыңыз болса, сөйлеп болғаннан кейін жолдауларыңызға болады.

Э.Н. Оразалиева

PhD Г. Масақова (Германия):

Германияда Гумбольдт университетінде Phd қорғап, біраз жылдан бері Балдауоф ханымның қарамағында жұмыс істеп келемін. Соңғы бірнеше жылдарда ғана тоқтап қалғаны болмаса, қазақ тіліне деген қызығушылықтың арқасында дәріс беріп келдім. Шетелде қазақ тілін оқытудың өз ерекшелігі барын да ескеру керек: орта болмағандықтан, барынша жасанды орта жасауға тырысамыз, сөздер мен заттарды, әрекеттерді көрсетіп жеткізуге тырысамыз, дүкендерге апарып таныстырамыз. Гумбольдт университеті мен қазақстанның жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жақсы қолға алынған. Соның ішінде Назарбаев Университеті қазақ тілі және түркітану департаментімен байланысымыз жақсы. Профессор З. Күзековамен тығыз қарым-қатынаста ғылыми, әдістемелік іс-шараларды атқарып келеміз. Зейнехан апайдың оқулықтарымен де дәріс береміз (*Сөзі бейнетаспа арқылы тіркелген*).

Аудиториядан сұрақтар:

- 1) Қазақ тілін оқыту кезінде деңгейлік қазақ тілі ұстанымдарын басшылыққа аласыздар ма? Қай деңгейге дейін жеткізу мүмкіндіктеріңіз бар?
- 2) Германиядағы қазақ диаспорасымен байланыстарыңыз бар ма? Қазақ тілін оқыту кезінде бұл байланыстарыңызды пайдаланасыздар ма?

Жауаптар:

- 1) Иә, Зейнехан апайдың деңгейлік қазақ тілі бойынша оқулықтарын пайдаланамыз. Әрине, бір деңгейдің нәтижесін көру үшін сағат саны, тіл үйрегушілердің қабілеттері ескеріледі. Дегемен В1 деңгейіне дейін жетуге тырысамыз. 4-6 айда бастауыш деңгеймен жұмыс істейміз, өйткені ең алдымен кириллицаны меңгертеміз, ол да уақытты алады. Қазақ тілін үйрету кезінде өріс мәселесін де, ассоциация ерекшеліктерін де ескеруге тырысамыз. Қазақ тілін керуен тілі деп түсіндіреміз, сол арқылы агглютинация процесін түсіндіруге тырысамыз.
- 2) Иә, қазақ диаспорасымен байланыста болуды көздейміз. Әрине, қазір орта буын тілді білгенмен, жас буынның қазақ тілін сақтауы қиындық тудырады. Бірлескен шаралар өткізуге де тырысамыз.

Модератор Э. Н. Оразалиева:

Гүлсім ханым, уақыт тауып, онлайн жиналысымызға қатысқаныңызға рақмет айтамыз. Болашақта да өздеріңізбен тығыз байланыста жұмыс істейміз деп ойлаймыз. Енді күн тәртібі бойынша Бірлестіктің 2018 – 2019 жылдары атқарған жұмыстары бойынша есебімізді өздеріңізге ұсынамыз (*Есеп бейнетаспа арқылы және 1-Қосымша негізінде тіркелген*).

Э. Н. Оразалиева

Есеп соңында, құрметті қатысушылар, өздеріңізді Бірлестік сайтымен таныстыру мақсатында қысқа ғана шолу жасап өтсек. Сайт сілтемесі: <https://www.iatkl.kz/> Өздеріңізге қажет ақпаратты осы сілтемемен кіре отырып, алуларыңызға болады. Бірлестік жұмысының нәтижелері атқарылған және алдағы іс-шаралар жоспарымен алдарыңызға ұсынылған. Өткізілген семинарлар мен конференциялар, жиналыстар дайындалған бағдарламалармен, хаттамалармен және фотоесептермен дәйектелген. Ең бастысы, сіздерге Кітапхана бөлімін ашып көрсеткіміз келеді: назарларыңызға қажет әдістемелік және ғылыми кітаптардың Pdf нұсқалары тіркелген. Сайтпен жұмыс істеу барысында кітапхана қорымен тансу мүмкіндігі әзірге шектелмеген.

Модератор Э. Н. Оразалиева:

Күн тәртібіне сәйкес, Жарғыда көзделген тәртіппен Жалпы жиналысқа шығарылатын мәселелердің бірі – қажеттілік туындағанда, Жоғары кеңес құрамына толықтырулар мен өзгерістер енгізу. Осыған орай, сіздердің назарларыңызға ұсынылатын келесі мәселе – құрамдық өзгерістер. Қазақ тіл ғылымы, оның ішінде біздің Бірлестік те белгілі терминолог, танымал ғалым Өмірзақ Айтбайұлынан айырылып қалғанын өздеріңіз білесіздер. Өмірзақ ағай Бірлестік жұмысын бастағанда қолдау көрсетіп, қазақ тілі оқытушыларының әлемдегі қазақ диаспораларымен байланыста жұмыс істеуін өзектеген еді. Өмірден озса да, Өмірзақ ағайдың есімі Бірлестік тарихынан мәңгіге орын алатыны сөзсіз. Қазақ тіл ғылымы көпшілігі мен туыскандарына көңіл айта отырып, жұмыс тәртібі бойынша Жоғары кеңес құрамына ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Түркі мәдениеті мен өнерін дамыту халықаралық ұйымындағы өкілі, филология ғылымдарының кандидаты Асқар Тұрғынбаев мырзаның кандидатурасын ұсынғымыз келеді. Дауыс беруге Жарғы талабына сәйкес Жоғары кеңес мүшелері қатысады. Дауыс беру онлайн жүйеде өткізіледі.

Дауыс беру нәтижесі: бірауыздан

Қабылданған шешім: Бірлестіктің Жоғары кеңес құрамына ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Түркі мәдениеті мен өнерін дамыту халықаралық ұйымындағы өкілі, филология ғылымдарының кандидаты Асқар Тұрғынбаев мырзаны енгізу.

Үшінші жиналысқа шығарылып отырған мәселе – 2018 – 2022 жылдарға бекітілген Стратегиялық жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізе отырып, қайта бекіту. Стратегиялық жоспар нұсқасы сайтқа да тіркелген, өзгерістер ұсынысы да өздеріңізге алдын ала жіберілген. Заман талабына сай, қазақ тілі оқытушыларының цифрлық біліктілігі деген мәселені өзектеу қажеттілігінен туындап отыр. Осы жерде 2019 жылы ғана басталған Жас ғалымдар көрмесі атты жобаның да жоспарлы түрде жүзеге асырылуын көздеу болып отыр. Жұмыс нұсқасы өздеріңізде бар. Дауыс беруге Жарғы талабына сәйкес Жоғары кеңес мүшелері қатысады. Дауыс беру онлайн жүйеде өткізіледі.

Далия

Дауыс беру нәтижесі: бірауыздан

Қабылданған шешім: 2018 – 2022 жылдарға бекітілген Стратегиялық жоспарға толықтырулар келесі нұсқада енгізілсін:

- 1) Тілдік білім берудің бұрынғы онлайн білім беру платформасын дамыту, қашықтан оқыту жүйесін жетілдіру, қазақ тілі оқытушыларының цифрлы біліктілігін арттыру.
- 2) Мемлекеттік «Жас ғалым» жобасы аясында «Жас ғалымдар көрмесі» атты шараны жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми ынтымақтастық белгісі ретінде дәстүрлі өткізу.

2018 жылы көтерілген кезектен тыс Жиналыс шешіміне орай, Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің ағылшын тіліндегі «International Community of Teachers of the Kazakh Language» деген ағылшын нұсқасына «International Association of Teachers of the Kazakh Language» деп өзгеріс енгізу. Негіздемесі: ағылшын сөзі «association» бірнеше мағынада қатар қолданыла береді, оның ішінде қазақ-ағылшын тілі сөздіктерінде ұсынылған аудармаға сәйкес, «бірлестік» деген мағына да тіркелген. *Қоғамдық бірлестіктің мақсаты* – шетелдік әріптестермен, ұйымдармен, одақтармен, қауымдастықтармен ғылыми-әдістемелік ынтымақтастық орнату, тәжірибе алмасу болғандықтан, өзара баламалы және мағыналы сөздерді ауыстыра отырып, бірлестіктің атауындағы «association» сөзі арқылы халықаралық кеністіктегі мүхінділі мен беделін арттыру, сыртқы байланыстарды жүйелестіруге мүхінділік туғызу. Дауыс беруге Жарғы талабына сәйкес Жоғары кеңес мүшелері қатысады. Дауыс беру онлайн жүйеде өткізіледі.

Жарғыға енгізілген өзгеріс нұсқасы:

1.4. Топлық ресми атауы:

мемлекеттік тілде – «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі;

орыс тілінде - Общественное объединение «Международное объединение преподавателей казахского языка»;

ағылшын тілінде – «International Association of Teachers of the Kazakh Language» public association.

Қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – «ҚТОХБ» ҚБ;

орыс тілінде - ОО «МОПКЯ»;

ағылшын тілінде – «IATKL» PA.

Дауыс беру нәтижесі: бірауыздан

Қабылданған шешім: Бірлестік Жарғысына келесі өзгеріс енгізілсін: бірлестік атауындағы ағылшын тілі нұсқасы «International Association of Teachers of the Kazakh Language» public association болып өзгертілсін.

Аталған мәселелер көлемінде өздеріңізден ұсыныстар болса, талқылауға дайынбыз. Қарсылық болмаса, дауыс беруге дайын болсаңыздар. Техникалық себептермен толық дауыстарыңызды жинау мүмкін болмағандықтан, онлайн дауыс беруді қарастырсақ, рақмет. Жоғары кеңес құрамының мүшелеріне де онлайн дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз етеміз. Онда өздеріңіздің қолдауларыңызбен, сұрақтар бөліміне көшсек. Сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынбыз.

Аудиториядан сұрақтар:

Мағрипа Ескеева: Сайтты ашу мүмкіндігін түсіндіріп берсеңіз.

Ажар Зекенова: Меморандумға отыру мүмкіндіктерін қарастырып жатырсыздар ма?

Жарқынбике Сүлейменова: Ұйымдастыру комитетінің жұмысы бойынша қандай өзгерістер жасау көзделіп отыр?

Қарлығаш Сарекенова: Алда қандай шаралар өткізу көзделуде?

Жауаптар:

- 1) Сайтты ашу және оның жұмысын жалғастыру Бірлестіктің алдына қойған маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Сайттың ашылуына кезінде департамент меңгерушісі Юлай Шамильоғлы мырза демеушілік жасады. Қазіргі уақытта сайт жұмысын қамтамасыз ету және жыл сайын созыдырып отыру ақылы түрде, өткізілген семинарлардан түскен қаржы есебінен мүмкін болып отыр. Бұл жұмысты бізді тоқтатпай, жалғастыруды көздейміз.
- 2) Меморандумға отыру, сол арқылы Қазақстанның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты қамтамасыз ету – біз үшін аса қажет бағыттардың бірі. Осыған орай, әрине, қолға алынатын мәселелердің бірі де болып табылады. Бүгінгі күні екі Меморандумның жобасы дайындалуда: бірі Назарбаев Университетімен бірлесе жұмыс істеу үшін, екіншісі – Education қауымдастығымен ынтымақтасу.
- 3) Ұйымдастыру комитетінің жұмысы – бірлестік жоспарларының тірегі, өзегі, сондықтан мүшелердің белсенділік танытуы аса маңызды. Өткен жылдар тәжірибесі көрсеткендей, Бірлестік орналасқан оқу орнынан көбірек мүшелерді тарту қажеттігі күн тәртібіне қойылып отыр. Осы және өзге мәселелерді талқылау үшін, Ұйымдастыру комитетінің мүшелерін бөлек жинауды жоспарлап отырмыз.
- 4) Алда жоспарланған шара – желтоқсан айында семинар өткізу. Тақырыбы: қазақ тілін онлайн оқыту жүйесіндегі тәжірибе мен онлайн бағалау тапсырмаларын ортаға салу.

Тамар

ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің 2018 – 2019 жылдар бойынша есебі қабылданын.
2. «Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің 2018 – 2022 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін.
3. «Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің Жоғары кеңес құрамы бойынша өзгерістер енгізілсін.
4. «Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің атауының ағылшын тілі нұсқасына өзгеріс енгізілсін.
5. «Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыру комитеті жиналысының мерзімі анықталсын.
6. «Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің ҚР Әділет министрлігіне құжаттар дайындалып, тапсырылсын.

Жиналыс жабық деп жариялансын.

Хаттамаға тіркелген қосымшалар:

№1 есеп қорытындысы

№2 Стратегиялық жоспарға толықтырулар

№3 Жоғары кеңес құрамына толықтырулар туралы мәлімет

№4 Бірлестік атауының ағылшын тілі нұсқасына өзгерістер енгізу туралы түсініктеме мәлімет

Төраға:



Дайырова

Қ. Н. Дайырова

Хатшы:

А. Балабеков